



КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
« 11 » 2024 ж.




АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 065

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 - бет, 6 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	АКТ әзірлеу және дамыту орталығының жетекшісі	Мендигалиев.Ж.Ж.		1. 11. 2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Чукуров А.Е.		22. 11. 2024
Келісілді	Вице- проректор (цифрлік офицер)	Сүлейменова Ж.У		4. 11. 2024
Келісілді	Сапа мониторинг кеңсесінің жетекшісі	Кайшыгулова Ж.Т.		4. 11. 2024
Келісілді	Заңгер	Куанов К.С.		21. 11. 2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	АКТ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 - бет, 7 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Нормативтік сілтемелер	4
5	Міндеті	4
6	Қызметі	5
7	Құқықтары	5
8	Жауапкершілігі	5
9	Танысу парағы	6
10	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	7

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 - бет, 7 беттен тұрады

1. Жалпы Ереже

АКТ әзірлеу және дамыту орталығы өз қызметін академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Орталықтың басшысымен, орталықтың құрылымын университеттің Басқарма төрағасы- ректор тағайындап бекітеді.

Ереже университет Басқарма төрағасы- ректор бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Қысқартулар

Бұл Ережеде келесі қысқартулар келтірілген:

АтУ- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;

СМК -Сапа мониторинг кеңсесі;

ПОҚ - Профессор-оқытушылар құрамы;

ҚОТ - Қашықтықтан оқыту технологиясы;

ААЖ - Автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

ЖАОК - Жаппай ашық онлайн курс;

ҚББ - Құрылымдық бөлім басшысы.

3. Терминдер мен анықтамалар

Электрондық оқыту (ЭО) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен оқыту.

Онлайн-курс – электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып, жаппай интерактивті қатысуымен және Интернет арқылы ашық қол жетімділікпен оқыту курсы.

Онлайн-платформа – таңдалған онлайн курстарды тегін оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн-білім беру порталы.

Сертификат – онлайн-платформада білім алушының оқу нәтижелерін бағалауды растайтын құжат

Қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

4. Нормативтік сілтемелер

Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді. 21.05.2024 Өзгертулер енгізілді.

5. АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МІНДЕТІ

5.1. Университеттегі цифрлық және білім беру технологияларына қолдау көрсету, енгізу және жасақтауға қатысу, сонымен қатар, техникалық қолдау көрсету;

5.2. Онлайн және оффлайн коммуникациялық қашықтықтан оқыту технологияларына техникалық қолдау көрсету;

5.3. Жаппай ашық онлайн-курсқа техникалық қолдау көрсету;

5.4. Жаңа цифрлық технологияларды меңгеру және енгізу;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 - бет, 7 беттен тұрады

6. АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ


- 6.1. Компьютерлік тестілеу арқылы сыртқы, күндізгі/онлайн білім алушылардың қорытынды емтихандарын жүргізу;
- 6.2. Оқу үдерісін цифрлық технологиялар элементтерімен қамтамасыздандыру, жақсарту және тиімді пайдалану;
- 6.3. Электронды оқулықтарды даярлаудағы техникалық көмек көрсету;
- 6.4. Қашықтықтан оқыту технологиясына техникалық көмек беру;
- 6.5. Оқытушылардың электронды оқулықтары және оқу – әдістемелік кешенін жасақтау;
- 6.6. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге техникалық қолдау көрсету.

7. АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 7.1. Орталықтың қызметіне қатысты басшылықтың жобалар туралы шешімдерімен танысу;
- 7.2. Қызметтік міндеттермен танысуға арналған қажетті бұйрық, өкім құжаттарын алу;
- 7.3. Орталықтың құзіреттілігіне кіретін сұрақтар бойынша мәлімдемелер мен ұсыныстар беру;
- 7.4. Университет Жарғысына қайшы келмейтін басқа да қызметпен айналысуға;
- 7.5. Ережеге енгізілетін өзгерістер Академиялық мәселелер жөніндегі проректор рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі;
- 7.6 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады;
- 7.7. Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады;
- 7.8. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
 - заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
 - басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - ҚББ мен АМЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсеткен қызметтік хаты.
- 7.9 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 7.10 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты

8. АКТ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 8.1 Орталық жетекшісі осы Ережеде берілгендей бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуына толық жауапты;
- 8.2 Басқа қызметкерлердің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді
- 8.3 Ереженің Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМК жүзеге асырады.
- 8.4 Күші жойылған Ережені ауыстыру және жою үшін ҚББ жауапты болады.
- 8.5 Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін ҚББ жүктеледі.



Басылым: үшінші

7 - бет, 7 беттен тұрады

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]